



010000, Нұр-Сұлтан қ., Үкімет үйі

010000, город Нур-Султан, Дом Правительства

№ \_\_\_\_\_

**Қазақстан  
Республикасының  
Парламенті Сенатының  
депутаттарына  
(тізім бойынша)**

*2022 жылғы 19 мамырдағы № 16-13-129 Д/С*

**Құрметті депутаттар!**

Сіздердің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қатысты депутаттық сауалдарыңызды қарастырып, келесіні хабарлаймын.

«Қазақстан Республикасының ұлттық қауіпсіздігі туралы» ҚР Заңында азық-түлік қауіпсіздігі – бұл мемлекет халықтың сапалы және қауіпсіз азық-түлік тауарларына нақты және экономикалық қолжетімділігін қамтамасыз етуге қабілетті экономиканың, оның ішінде агроөнеркәсіптік кешеннің қорғалу жай-күйі деп бекітілген.

Қолданыстағы заңнамаға сәйкес Үкіметтің агроөнеркәсіптік кешенді (бұдан әрі – АӨК) дамыту саласында жүргізіп жатқан жұмысы бірінші кезекте азық-түлік тауарларының нақты қолжетімділігін қамтамасыз етуге бағытталған.

Соңғы жылдары мемлекеттік қолдау шараларын іске асыру арқасында елдің АӨК-сін дамытудың оң серпіні байқалуда.

Мәселен 5 жыл ішінде жалпы өнім көлемі 2 есеге артты (7,4 трлн. теңге), ауыл шаруашылығының негізгі капиталына инвестициялар легі 3 есеге (773,2 млрд теңге) ұлғайды.

Саланы одан әрі орнықты дамыту мақсатында Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2025 жылға дейінгі ұлттық жобасы және Агроөнеркәсіптік кешенді дамытудың 2030 жылға дейінгі тұжырымдамасы қабылданды, олардың негізгі мақсаты қаржыландырудың қолжетімділігін арттыруды, жер қатынастарын дамыту мен саланы цифрландыруды, аграрлық ғылым мен білімді жетілдіруді, ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздікті қамтамасыз етуді көздейтін шаралар кешенін қабылдау арқылы елдің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету, сондай-ақ АӨК өнімдерінің экспортын дамыту және импортты алмастыру бойынша кемінде 582 инвестициялық жобаны іске асыру болып

табылады.

Бұдан басқа, АӨК субсидиялау жүйесін қайта қарау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Тұтастай алғанда, субсидиялау жүйесі, ең алдымен, субсидиялау рәсімдерін қысқарту, оның бағыттарын оңтайландыру, барлық субъектілер үшін қолжетімділікті қамтамасыз ету, қазіргі заманғы технологияларды енгізуді ынталандыру және АӨК-ге инвестициялар тарту, нақты индикативтік көрсеткіштерге қол жеткізу бойынша фермерлердің қарсы міндеттемелер алу нормасын енгізу есебінен реформаланатын болады.

Әлемдік азық-түлік нарықтарындағы құбылмалылыққа байланысты және ішкі нарықтың тұрақтылығын сақтау мақсатында осы жылы АӨК саласын қаржыландыруға қосымша 298 млрд. теңге бөлінгенін атап өткен жөн (*оның ішінде субсидиялауға – 139 млрд теңге, көктемгі егіс жұмыстарына (КЕЖ) – 70 млрд теңге, азықты форвардтық сатып алуға – 20 млрд теңге, фито және ветеринарлық қауіпсіздік, ғылым және т.б. – 69 млрд теңге*).

Көрсетілген қаражат шеңберінде 80 млрд. теңге 9 дақыл бойынша форвардтық сатып алуды жүзеге асыруға бағытталған: жұмсақ бидай, қатты бидай, арпа, күнбағыс, рапс, зығыр, қарақұмық, сұлы, соя.

Бұл ретте бюджеттік кредиттеу АӨК субъектілеріне:

- КЕЖ өткізу үшін айналым қаражатын толықтыру;
- КЕЖ өткізу үшін өсімдік шаруашылығы өнімдерін сатып алуға аванс беру жолымен АӨК субъектілеріне кейіннен кредит беру үшін қайта өңдеу кәсіпорындарына/қайта өңдеу кәсіпорындарының түпкілікті қарыз алушыларына айналым қаражатын толықтыруға кредит беру;
- КЕЖ жүргізуге АӨК субъектілерін қаржыландыру үшін пайдаланылған қарыз алушының/екінші деңгейдегі банктердің меншікті/тартылған қаражатын алмастыру.

Тұтастай алғанда, қабылданып жатқан шаралар азық-түліктің нақты қолжетімділігін, елдің ветеринариялық және фитосанитариялық қауіпсіздігін қамтамасыз етуге бағытталған. Денсаулық сақтауды, сауданы, еңбекті және халықты әлеуметтік қорғауды және басқаларды дамыту жөніндегі бағдарламалық құжаттар шеңберінде азық-түліктің экономикалық қолжетімділігін және азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету мәселелері көзделген.

Баяндалғанды, сондай-ақ әлемдік аграрлық азық-түлік нарықтарындағы ағымдағы жағдайды ескере отырып, Үкімет Азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету жөніндегі доктринаны әзірлеу мәселесін қарастыруда, оның шеңберінде тамақ өнімдерін тұтынудың физиологиялық нормалары және елдің азық-түлік тауарларымен қамтамасыз етілуін болжау әдіснамасын жетілдіру мәселелері де пысықталатын болады.

**Ә. Смайылов**

**Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының  
депутаттарының тізімі**

1. Күрішбаев Ақылбек Қажығұлұлы
2. Булавкина Ольга Александровна
3. Жұмағазиев Мұхтар Сабырұлы
4. Нұралиев Абдалы Тоқбергенұлы

*Орын. А. Тоқтарова  
Тел: 74-53-21*